

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын монополиясыздандыру және тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетулері үшін есеп айырысуды тәртіпке келтіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамырдағы N 587 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Коммуналдық саладағы бәсекелестікті дамыту және тұрғын үй иелерінің өзара қарым-қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметін тәртіпке келтіру, кәсіпорындар-табиғи монополистердің көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтерді мемлекеттік реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті:

шаруашылық жүргізуші субъектілер-табиғи монополистердің Мемлекеттік атаулы тіркеліміне "Коммуналдық саладағы кәсіпорын" бөлімін енгізсін. Оған сумен жабдықтау және канализация, тұтынушыларды табиғи газбен, жылу және электр энергиясымен, байланыс қызметін қамтамасыз ету жөніндегі кәсіпорынды қ о с с ы н ;

1996 жылдың 10 маусымына дейін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігімен, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісу бойынша коммуналдық саладағы шаруашылық жүргізуші субъектілер-табиғи монополистер өндіретін және сататын өнімдердің (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өзіндік құнына енгізілген шығындардың құрамын қалыптастырудың ерекше тәртібін, онда өзіндік құнға қосылатын шығынды реттеуді көздей отырып, бекітсін;

1996 жылдың 1 шілдесінен бастап аталған ерекше тәртіпті ескере отырып, кәсіпорындар-табиғи монополистердің өнімдеріне (жұмыстар, қызмет көрсетулер) арналған бағалар мен тарифтерді қайта қарасын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.08.08. N 1 2 4 3 қ а у л ы с ы м е н .

2. Кәсіпорындар-табиғи монополистер көрсететін коммуналдық қызметке бағаның өзгеруі тоқсанына бір реттен жиілетпей тоқсан басталар айдың 1-күнінен бастап, жаңа баға енгізілерден 15 күн бұрын тұтынушыларды бұқаралық

ақпарат құралдары арқылы хабардар ете отырып, жүргізілетін болып белгіленсін.

Тұрғын үй-коммуналдық қызметін көрсетуге арналған тарифтерді осы қызметтерді көрсететін ұйымдардың шығасыларын жабатын деңгейге дейін біркелкі енгізу мақсатында, облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне мәслихаттармен келісім бойынша 1996 жылдың 1 қазанына дейін коммуналдық қызмет көрсетуге бағаны айдың 1-күнінен бастап ай сайын өзгертуге рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі бес күн мерзім ішінде инфляцияның болжамды индекстерін әзірлеп, көрсетілетін коммуналдық қызметтің әрбір түрінің өзгерген бағасы туралы облыстардың әкімдеріне хабарлайтын болсын;

4. 1996 жылдың 1 шілдесінен бастап орындалған пайдалануға беру жұмыстары үшін есеп айырысу тұрғын үйдегі (үй-жайдағы) тұрғын үй және тұрғын емес үй иелері аталған жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) жүргізуге олармен шарт жасасқан шаруашылық жүргізуші субъектілермен тікелей жүзеге асыратын болып белгіленсін. Егер пәтер (үй) иелері біріккен жағдайда, ол үйде болмаған кезде - жекелеген меншік иесімен осындай жұмысты орындауға шарт жасалмаған және оларды нақты орындау қабылданбаса, пайдалануға беру жұмысы үшін (пайдалануға беру шығыстары) пәтер ақысын алуға жол берілмейді.

Тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету үшін есеп айырысудың жаңа тәртібін енгізу мақсатында облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

1996 жылдың 1 маусымына дейін:

мәслихаттармен бірлесіп, бірыңғай пәтер ақы (пайдалануға беру шығыстары) ставкалары түріндегі тұрғын үйді ұстау жөніндегі бұрын белгіленген пайдалануға беру жұмыстары үшін төлем алу тәртібінің күшін жойсын;

көрсетілетін коммуналдық және пайдалануға беру қызметі үшін есеп айырысудағы монополизмді жеңу жөнінде, үй-жайлар мен басқа да тұрғын үй-пайдалануға беру ұйымдарын құрылымда пайдалану жөніндегі дирекцияларды өзгертуді назарда ұстай отырып, коммуналдық қызмет көрсету жөнінде тұтынушылармен шарттар жасасқан кезде немесе тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету үшін халықпен есеп айырысуды жүзеге асыруда басымдығы жоқтар жөнінде шаралар қолдансын;

коммуналдық қызмет көрсететін меншік нысанындағы барлық кәсіпорындарға және олар үшін есеп айырысулар жүргізетін балама негізде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар-монополистерге барынша қолайлылық пен ынталандыру жағдайын қамтамасыз етсін;

1996 жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде:

коммуналдық саладағы кәсіпорындар-табиғи монополистердің Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен Үлгі шартқа сәйкес орындалатын жұмысқа тұтынушылармен шарттар жасасуын қамтамасыз етсін;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық құрамындағы паспорт режимін жүзеге асыру жөніндегі қызметі жойылсын;

қосымшаға сәйкес, баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттер 1996 жылдың 1 тамызына дейін жүзеге асыруды көздеп ұсынған коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарының құрылымын қайта ұйымдастыру жобасын заңды тұлғалар бірлестіктері қызметінің тиімділігін талдау жөніндегі облыстық, қалалық комиссияларының мәжілістерінде қарасын;

1996 жылдың 1 қазанына дейінгі мерзімде:

бұзылуға немесе күрделі жөндеуге жататын қирайтын және тозығы жеткен тұрғын үйлерді анықтау мақсатында тұрғын үй қорына түгендеу жүргізісін;

тозығы жеткен және қирайтын тұрғын үйді ұстау, жаңғырту және күрделі жөндеу немесе бұзу жөнінде шаралар әзірлесін, оларды қаржыландыру көздерін а й қ ы н д а с ы н .

ЕСКЕРТУ. 4-ші тармақтың 9-абзацына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.06.23. N 922 қ а у л ы с ы м е н .

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылдың 1 шілдесіне дейін:

коммуналдық саладағы кәсіпорындар-табиғи монополистер құрамынан олардың негізгі қызметіне қатысы жоқ бөлімшелерді шығарсын және осы бөлімшелердің мемлекеттік меншіктерін жекешелендіруді 1996 жылдың аяғына д е й і н ж ү з е г е а с ы р с ы н ;

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетпен бірлесіп коммуналдық салада мемлекеттік қатысушылармен кәсіпорындар мен табиғи монополистер құрған және олардың негізгі қызметін қайталайтын шаруашылық жүргізуші құрылымдарды анықтасын , құрылтай шарттарын бұзу жолымен басы артық буындарды жою қамтамасыз е т с і н .

6. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті:

1996 жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде:

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігімен бірлесіп тұрғын үйлердегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар кооперативі меншік иелерінің Үлгі жарғысын бекітсін және оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін;

паспорт режимін жүзеге асыру жөнінде ішкі істер органдары көрсететін

қызметтер үшін төлем мөлшерін бекітсін;
1996 жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде:
жылу энергиясына, суық суға, канализацияны пайдалануға арналған тариф саясаты туралы ережені әзірлеп, оны облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне жеткізсін.

7. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті облыстар мен Алматы қаласының әкімдерінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің ұсынуы бойынша айдың басындағы 10-күнге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 13 мамырдағы

№ 587 қаулысына

қосымша

Қайта ұйымдастыруға жататын коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарының тізбесі

Сумен жабдықтау және канализация кәсіпорны
Электр және жылу энергиясымен жабдықтау кәсіпорны
Табиғи және сұйытылған газбен қамтамасыз ету кәсіпорны
Қоқыстарды жинау, әкету және өңдеу кәсіпорны
Елді мекендерді көгалдандыру мен көркейту кәсіпорны
Лифт шаруашылығы кәсіпорны
Телеантенналар орнату және пайдалануға беру кәсіпорны
Радиохабарлар тарату кәсіпорны